

IPO және SPO: Қор нарығын ынталандыру

Экономикадағы үлесті азайту міндеті аясында біз портфельдік компанияларды IPO мен SPO белсенді түрде шығаруды жалғастырамыз. Портфельдік компаниялардың акцияларын жария орналастыру Ұлттық қорға қосымша қаражат тартумен қатар, активтердің әділ нарықтық бағасын қалыптастыруға да көмектеседі. Капитал нарықтарына ашықтық компаниялар жұмысының тиімділігін арттырып, оларды корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына сәйкес келуге және үздік практикаларды енгізуге ынталандырады.

Бұл бастамалар азаматтардың инвестицияларға қызығушылығын арттыра отырып және олардың қаржылық сауаттылығын нығайта отырып, отандық қор нарығын дамытуға ықпал етеді. Бөлшек инвесторлар санының өсуі нарықты серпінді етеді, ал тұрғындарда табысты отандық компанияларға салымдар есебінен капиталды ұлғайту үшін жаңа құралдар пайда болады.

Қор тобына кіретін 7 компанияның акциялары («Air Astana» АҚ, «KEGOC» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «Kcell» АҚ және «Қазақтелеком» АҚ) жетекші қор биржаларында саудаланады: «Астана» халықаралық қаржы орталығы (AIX), Қазақстан қор биржасы (KASE) және Лондон қор биржасы (LSE). «Самұрық-Қазына» АҚ жүргізген IPO мен SPO инвесторлардың айтарлықтай қызығушылығын тудырып, экономикадағы мемлекеттің үлесін төмендету жөніндегі стратегияның тиімділігін растай отырып, Қазақстанның қор нарығының дамуына серпін берді.

IPO-ға ірі компанияларды шығару жөніндегі жұмысты жалғастыру үшін «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ және «QazaqGaz» ҰК» АҚ акцияларын жария орналастыру жоспарлануда.

Шағын және орта бизнесті дамытуға ықпал ету

GRI 3-3 Біз экономиканың бұл секторын инновациялардың, жұмыспен қамтудың және тұрақты дамудың негізгі драйвері ретінде қарастыра отырып, Қазақстанда шағын және орта бизнесті (ШОБ) және отандық кәсіпкерлікті дамытуды қолдаймыз.

Қазақстандағы ШОБ үлесі
2024 жылдың қорытындысы
бойынша

38% -ға жетті

(2023 жылы – 36%).²⁶



GRI 3-3 Қор Тобы аса маңызды инфрақұрылымға қол жеткізе отырып, ресурстық базаны кеңейте отырып, отандық тауар өндірушілерден сатып алудың кепілді оффтейк-келісімшарттарын қамтамасыз ете отырып, сондай-ақ инвесторларды тарта отырып, ШОБ-қа қолдау көрсетеді.

Осылайша, өндірістің жаңа бөліністері бойынша ірі жобаларды іске асыру ШОБ-ты дамытуға жағдай жасап, жаңа өңірлік кластерлер құрады. Біздің ірі көлік жобаларымыз жаңа сауда бағыттары мен әлемдік нарықтарға қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, ШОБ үшін жаңа мүмкіндіктер береді. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп біз газ саласындағы жергілікті қамтуды арттырып, нөлден бастап газ сервисі индустриясын құрамыз.

GRI 3-3 Біз тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді отандық жеткізушілерден сатып алуды жүзеге асырамыз, бұл жаңа жұмыс орындарын құруға, инфрақұрылымды дамытуға, өндірістік қуаттарды арттыруға, өндірістік-өткізу тізбектерін дамытуға және отандық компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде өңірлердің экономикалық дамуына, халықтың табысын ұлғайтуға және әлеуметтік шиеленісті азайтуға үлес қосады.

²⁶ [Zakon.kz](https://zakon.kz)